

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Бейрепрезентативті теория: біздің
білуімізден өзгеше өмір





Мақсаты: Найджел Трифттің бейрепрезентативті теориясымен танысу.

Тірек сөздер: теория, кеңістік, тәжірибе.

Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясымен таныстығымызды жалғастыра отырып, бүгін Найджел Трифттің (2013) «Саясат өнері» атты кітабы туралы сөз еткелі отырмыз. Н. Трифт «жұмсақ капитализм» терминін қолданысқа ендіріп, «бейрепрезентативті теорияны» қалыптастырды. Найджел «Бейрепрезентативті теориясы» (2007), «Кеңістіктік білім» (1996), «Капитализмнің білімдері» (2005) және «Саясат өнері» (2013) атты кітаптардың авторы ретінде танылады.

Найджел Трифтке екі дәріс арналатын болады. Бірінші дәрісте автордың қалыптастырған бейрепрезентативті теориясы туралы сөз етеміз. Екінші дәрісте автордың «Саясат өнері» кітабының құрылымы мен мазмұнына арналады.

Мәселенің қойылуы. Найджел Трифт өзінің «Саясат өнері» кітабын жазудың мақсатына қол жеткізу үшін кітаптың өзі мынадай үш міндетті орындауы керектігін айтады. Біріншіден, автордың кітабы әлеуметтік және мәдени теорияның туындысы болуы керек. Кітап әлемдер қалай тіршілік ететінін түсіндіру үшін ұсынылған дәстүрлердің сериясын сипаттауға негізделген. Кітаптың авторы әлемдердің бір кеңістікте өмір сүретінін, олардың тоғысуы уақыттың еншісіндегі мәселе екенін, бірақ әлемдердің тоғысуының салдарын алдын ала болжау мүмкін еместігін жазады. Күрделі траекториялар, бірақ шатасқан жанрлар емес (Стратерн). Екіншіден, кітап диагностикалау құралы болуы тиіс. Кітап қазіргі кезеңнің кейбір сәттерінің ерекшеліктерін ескерген еңбектерге арналуы керек. Болып жатқан оқиғалар үздіксіз өзгеріп отырады: мәселен «адами» алаңдаушылық тұрақты болмайды, себебі, біздің тәнімізге жаңа бөліктер қосылып отырады. Сондықтан адам тәні арқылы түйсінетін сезімдер өзгеріп отырады. Үшіншіден, кітап біздің өз-өзімізге артқан үмітімізді қалай қараудың міндетіне саяси үлес қосуы керек. Бүгінде біз демократияның жаңа «күнделікті» формалары – көптеген адамдардың саяси менмендігінің бір бөлігі болып саналатын дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі қоғамда «жергілікті» және «жаһандық» секілді ұғымдар ыңғайлы саяси терминдерге айналып, «біздің сезімдеріміз» маңызды саяси мәселе ретінде қабылдана бастады. Кітаптың жаңа саяси салаларды ашуға қосқан үлесі зор деуге болады.

Кітаптың мақсаты Н. Трифт ұсынған тұжырымдарға негізделген. Автор әлеуметтік және гуманитарлы ғылымдар бүгінгі таңда шектен тыс теоретизациядан жапа шегуде екенін жазады. Теориялар өте көп, бірақ олар жеке тұлғаның биліктен алған соққысы тұрғысынан ұсынылған. Жаһанды капитализм кең таралуда, демократия жалғанға айналуда. Слотердаик оны авторитарлы капитализм деп атап жүр.

Қарапайым халықты демократия риторикасымен алдамсытып, демократиялық қоғамда өмір сүреміз, демократия дегеніміз – прогрессивті ойлайтын қоғам деп сендіруде. Соған қарамастан, демократия демосты түсінуге арналмаған, керісінше электронды инженерия мен пікірлерді басқару өнерін шектеу және нейтрализациялауға арналған. Бұл, сөзсіз регрессивті шарт болып саналады. Демократия көпшілік риторикамен көмкеріліп, мәні жоғалған деуге болады. Шынайы демократия – бірлескен, жалпылама сипатта, мериторикратиялық қоғамның құндылықтарына қарсы билік формасы.

Қазіргі заманда озық қоғамдар өздерінің прогрессивтілік сипатын технологиялық инновацияларға деген талпынысы арқылы көрсетуге тырысып, өздеріне тән саясатты құрып та алған. Өкінішке орай, мұндай қоғамдар құрған саясат әдетте, регрессивті болып шығып жатады. Демократия да саясаттың регрессивтілік сипатын дәлелдеп берді. Кез келген қоғамға тән маңызды әрі ресми норма – тиімділік, әділетсіз ынталандыруға талпыныс, мәртебеге қол жеткізудің иерархиялық ұстанымдары, тәжірибе – анахрониялық, диссинхронды сипатта. Мәселенің қиындығы мынада – жоғары техникалық, жаһандық капитализм демократиямен мүлдем санаспайды (1).

Кітап авторының басты мақсаты – әлсіздікті сезінуді болдырмайтын тәжірибені немесе Гинзург айтқандай, «біздің билік қатынастары арасында орнығу қабілетімізді» қалыптастыру (2). Әрине, бұл тәжірибелер тұрақты шешім болып саналмайды. Керісінше, олар туындаған мәселеден қашу болып көрінеді.

Н. Трифт әлемдегі тәртіпсіздікті эксперименталды сезіну керектігін айтады. Бұл адамға қазіргі әлемнің ерсілігін қабылдауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, біз кейбір кереғарлықтарды айналып өтіп, ойнап өмір сүре аламыз.



Ендігі кезекте бейрепрезентативті теорияның негізгі ерекшеліктеріне және бейрепрезентативті теория ұсынатын заманауи мәселелер туралы сөз етіп көрелік.

Бейрепрезентативті теория

Адам баласының өмірі қозғалысқа негізделген. Негізінде, адами күш күрделі қозғалыстар үшін аттракторды (динамикалық жүйенің вазалық кеңістігінің компантылы көптігі) күшейтуде, сонымен қатар, осы қозғалыстардың эволюциясында айтарлықтай рөл атқарды. Сөйтіп біздің ризоматикалық, акцентті миымыздың көп бөлігінің жұмысына сеп болды. Содан кейін, бұл қозғалыс өмірдің анимиялық ағынын, әсіресе онтогенезді тудырып, субъектінің бұрын қалыптасқан тәуелділігін болдырмады. Біз қозғалыс лейтмотивін белгілі бір жерде болуға тырысу деп білеміз. Онымен байланысты қозғалыс өмірге деген қарым-қатынасты көрсетеді. «Басты міндет – тауып қоймай, ойдан шығару, қозғалысқа ендіру, сөйтіп, шешімін табу», – дейді Аллиең (4).

Бейрепрезентативті теория лейтмотив ретінде қозғалысты негіз етіп алып, оны сындарлық шеңберінен шығу құралы деп қолданады. Жалпылау тәсілі ретінде Трифт 7 негізгі ұстанымды атайды:

1. Бейрепрезентативті теория күнделікті өмірдің «ағынын» көрсетеді. Бұл тезисті үш тұжырыммен түсіндіруге болады. Біріншіден, ең тиімді тәсіл – сезімді қабылдау немесе эмпиризмнен өзге, бақылауға негізделген радикалды эмпиризм. Трифт жеке тұлғалық өріс туралы этологиялық түсінікті қолданады. Бұл өрісте оқиға белгілі бір деңгейде әсер етіп, ойлау немесе қабылдауға түрткі болады. Аталған тәсіл Уайтхедтің әлем туралы монистикалық ойлауына ұқсайды. Предтің сөзінше, Уайтхед радикалды эмпиризмнің аясын кеңейтіп, кеңістіктік-уақыттық және сенсорлы (визуалды, дыбыстық, тактильді) метафораға тән шектеулерді алдын алу тәсілі деп қарайды. Біздің санамыздың ағынына «қараудың» орнына Уайтхед «сәтке» ене түседі. Ол сәттен абстракцияланып, кез келген сәтті – тәжірибенің әрекеті деп қабылдайды. Сәттің нүктесі туралы философиялық талдау жасай отырып, Уайтхед онтологияның пост-картезиандық (юмэневтік) базисіне қолжетімділікті қамтамасыз етіп, бір сәтте әрекет ететін сананы сипаттайды.

Уайтхед нүкте ұғымын тек адами тәжірибе сәттеріне қатысты қолданбайды, сонымен қатар, ақиқат оқиғалар немесе жағдайларға, яғни «әлемді құрайтын шынайы заттарға» да қатысты қолданады (5).

Тиімді тәсілдердің бірі – санасыздық тәсілі. Сана дегеніміз – қабылдаудың тар терезесі секілді. Тар мағынасында, сана – өте кедей, өзіндік талдау жасауға қабілетсіз; уақыт терезесі – бар-жоғы он бес секунд, осы уақыт ішінде бірнеше затты ғана көруге болады (алты немесе жеті зат). Шындығында, сана санасыздан туындаған, зорға өмір сүріп тұрған құбылыс болып табылады. Алайда сананың мұндай әлсіздігін мойындамасқа болмайды, себебі сананың ойлауды қалыптастыру үшін әртүрлі технологияларды, ортаны, дене мен заттардың әртүрлі конфигурацияларды кеңейтетін жақтастарды өзіне қарай тарту қабілеті болады. Осы айтылғандардың нәтижесі мынада – санасыздыққа ерекше ден қойып, қарау керек. Жүйке жүйелерінің қимылы денені әрекет етуге дайындайды, мәселенің шешімі алдын ала болжамданып қояды. «Жалаңаш өмір» (Агамбен) немесе «шығармашылық өмір» (Сантнер) секілді туындылар биосаяси сфераны білдіріп қоймай, тірек теориялық басқатырғыштарды құрады. Мәселен, табиғаттың «ашықтығы» және қозғалымпаздығы, жануарлар мен заттар әлемі, инстинкт мен талпыныстар, әлемдегі кедейлік т.б. өмірдің құрамдас бөліктері болып саналады.

Әрекеттердің барлығы – бірлескен әрекетке деген реакция: әңгімені өңдеу, тән тілі, оқиғаны қабылдау. Толассыз жұмыстар нәтижесінде бағалау талаптарын, мәселен аралық жадыға, назарды басқаруға белсенді реакция қалыптастырылды.

Шындығында, көпшілік сананы – қарапайым орын толтыру деп түсінеді. Ол шектеулі ортада – лабораторияда өткізілген тестердің артефакты болып табылады. Бұл тестерде сана оқиғаның жасандылығы екені анықталды. Сананы стратегиялық бірлескен әрекеттердің жаңа нәтижесі ретінде қарастыру керек. Бұл жерде сана оларды басқару нұсқаулығы ретінде жұмсалды, басқаша айтқанда, өзгелердің «ойын оқу», жай-күйін бақылау. Бұл дегеніміз: сана – адамның



басқа адамдардың жай-күйін теоретизациялау қабілетінің нәтижесі. Көп жағдайда, әлеуметтік сана – жоғары деңгейлі танымдық қабілеттердің, мәселен еліктеу, оқу, уақыт пен кеңістікті басқару – сезімдік санадан жоғары тұрады. Басқаша айтқанда, танымның тек перформативті аспектісі болып қоймай, бұл аспектілер «қиялдау» деген әрекетті тудырады. Бейрепрезентативті теорияның ойынға теңелетіні сондықтан: ойын аффективті мағыналы мәңгі адами әрекеттер ретінде түсіндіріледі, яғни ойын – тек балалық шақта ғана жүргізілетін әрекет емес, адамның бүкіл ғұмырында өрбіп отыратын әрекет.

2. Бейрепрезентативті теория антибиографиялық және жеке тұлғалыққа дейінгі сипатта. Ол қабылдау тәсілдері арқылы жүзеге асады. Трифт автобиография немесе биографияға күмәнмен қарайды, тіпті, қарсылық білдіреді. Оның ойынша, биография – құндылық туралы жалған сезімді тудырады.

Оның орнына, автор материалды схематизмді ұсынады: әлем бір-бірімен әртүрлі кеңістіктер арқылы үздіксіз байланысқан, бір-бірімен еріксіз соқтығыса алатын әрқилы заттардан тұрады. Бұл тәсіл, Трифтің пікірінше, әлеуметтік ғылымдарда жалғасын тапқан: Габриэль Тардтың микрометафизикасы, Питирим Сорокиннің әлеуметтік-мәдени себептілігі, Торстен Хегерстрандтың уақыттық географиясы, Энтони Гидденстің экспедициясы, Трифтің жеке жұмыстары. Соңғы уақытта аталған тәсіл теориялық зерттеулердің, мәселен акторлы-желілік теорияның, Тард пен Уайтхедтің қайталама жаңалықтарының, Делез бен Гваттаридің еңбектерінің арқасында кең тарала бастады. Айта кететін жайт – зерттеулердің көп бөлігі Пол Картердің «материалды ойлау», «перформативтілік» тәсілдерін қайта жандандырып, қайта жазылуы арқылы тарала бастады. Зерттеулердің бұл бөліктері ойлаудың материалдылығын ерекшелеп көрсетіп, құрамына материалды мәдениет, әлеуметтік ғылым, перформанс, биден поэзияға дейінгі аралық, инсталляция мен өнер, архитектура элементтері, археология мен мұрағаттық зерттеулердің әртүрлі аспектілері, сондай-ақ мәдени географияның кейбір салаларында өрбитін оқиғалар кіруі керек.

3. Бейрепрезентативті теория уақыт өте келе, мәселен денелік процедуралар мен арнайы қондырғылар арқылы тұрақтылыққа жеткен материалды денелерге ерекше назар аударып бастады (6). Бұл материалды денелер туындап отырған жағдайларға қарай өзгеріп, жаңа денелерді жасап отырады. Әлемнің тұрақты сипаттамасына жақындау келетін бірдеңе табу қажеттілігі туындайды. Міне, осы бірдеңе үнемі өзгеріп, қайта жаңғырып, жаңашыл гибридтер туындатып отырады. Сол кезде Трифт тәжірибені қолданады. Тәжірибе – өнімді конкатенация (тіркесім), ол ресурстардан құралған, әлемді түсінуге септігін тигізеді (7).

Бұл аңғал тәжірибе теориясы емес. Мәселен, практиктер өздерінің өмірдегі тарихи формасындағы орнынан айрылғанда, олар артына қалдықтар қалдырып кетуге қабілетті болады. Сөйтіп, осы қалдықтардан жаңа өмір туындап, гибридтер жасалады. Басқаша айтқанда, заттар «өлімнен кейін өмір сүру» қасиетіне ие болады.

4. Заттарды атай отырып, біз төртінші ұстанымға да кеп қалдық. Бейрепрезентативті теория құбылыстарды жік-жікке бөлуге ерекше ден қойды. Атап айтқанда, құбылыстардың мағыналық формаларының энергиясын қабылдады – заттарды жай ғана көріп қоймай, қалай сипаттау керектігін білу немесе Трифт айтқанда, Вальтер Беньяминнің «тасқа қашалған мазасыздық» деп атауының себебін анықтау керек. Үш басты қадам – дұрыс деп көрінеді. Құбылыстар – гибридті жинақтардың: конкрециялар, қондырғылар мен ағындардың бір бөлігі.

Заттардың басқа генетикалық сипаты болатынын түсінудің маңызы зор. Симондон оларды «техникалылық» деп атайды. Техникалылық – қол құралы, әдетте шектеулі техникалық элемент болып саналады. Технология – бір-біріне сүйенген қосымша элементтердің уақытша жүйелерінің, функциялар империясының бір бөлігі. «Ұялы телефон немесе сымсыз қондырғыны – уақытша зат» деп түсінуге болады. Оның физикалық тәзгіштігі коммуникативті инфрақұрылымның көбеюі есебінен жүзеге асады» – деп жазады Макензи (9). Осы айтылғандарды қорытындылай келе, құбылыстар – технологиялық санасыздық емес, технологиялық санасыздыққа дейін қалыптасатынын айтуға болады (9).

Трифт құбылыстардың тағы бір қасиеті бар екенін айтады, яғни адам денесінің басқа құбылыстармен өзара байланысы. Ол адамның денесін заттар әлемінен бөлек алып қарамайды. Трифт адам денесі – заттармен байланыс жасау қабілетінің арқасында жаңаны тудыра алатын, әртүрлі гибридтерді дамытатын құндылық деп біледі. Қол, асқазан секілді



ойлау және жүйке кешендері өзгеріп отырған жағдайға қарай бейімделіп, адамның миында айтарлықтай өзгерістер туындайды. Адам денесі – құрал. Соңғы кездері денелік турасында көптеген еңбектер жазылды, олардың көпшілігі феминизм теоретиктері тарапынан жазылған. Олар денені ерекше етіп сипаттауға тырысады. Дененің кейбір ерекшеліктерін мойындамасқа болмайды, яғни адамның денесі дамымай қалады деуге болмайды. Денелік мәселесінде оның белсенді, синтетикалық және мақсатты бағытталған әрекеттері туралы көптеген зерттеулер жүргізілді. Дене – әрекетте тұр, белгілі бір әрекеттерге ену қарқынына ие құндылық. Кез келген жағдай ерікке негізделген, әрбір жағдайды алдын ала болжауға болатындай көрінеді. Алдын ала болжау дегеніміз бірқатар қателер жіберу дегенді білдірері хақ. Сонда кез келген дене әлсіз, пассивті, қиын болып келеді. Бұған ұйқысыздық, шаршаңқылық, әлсіздік, әлемге деген немқұрайлық сезімдерін де жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, денеге шектен тыс күш түседі. Алдын ала болжай алмау дененің қабылдау қабілетін жоғарылатады. Бұл қалыпты шарт – дененің өмір сүруі.

Осы айтылғандар, құбылыс әлемнің тұрақтылығына күмән келтіретінін дәлелдеді. Себебі әлемнің көп бөлігі – өзгермелі. Квинтер спорттың көптеген түрлері көбейіп жатқанын, оған қоршаған ортадағы әртүрлі уақыттық масштабтардың жасанды қалыптасуы сеп болғанын жазады. Квинтер параланеризм, серфинг, сноуборд мен тауға өрмелеу секілді спорт түрлерін атай отырып, оларды «қатты денелердің моторлы кеңістігі» деп түсіндіреді (10). Қазіргі жағдайда бұл спорт түрлері қоршаған ортаны қозғалыс, интуиция мен ойлап табу ортасы деп түсініп келеді. Трифт Квинтердің тауға өрмелеу секілді спорт түрін мысалға алып, қарайды.

«Альпинистер (тауға өрмелеушілер) тауға қарай өрмелеп, ағып немесе күш сала отырып, жабысып тұруы керек. Сондай-ақ олар бұлшықеттеріндегі гравитацияны сақтап, орынды жылдам алмастыру шеберлері болуы керек, яғни тауға өрмелеушілер – мәртебе мен апат арасында тұратын тәуекелшілер. Олар ауырлық күшін сақтап қоймай, оны орынды қолданып, кез келген уақытқа бейімделуі керек» (Квинтер 2001: 29-30).

Трифт таудың да маңызды рөл атқаратынын жазады: «Минералдар қайраңы дегеніміз – уақыттық масштабтарын ұзақтық масштабтарынан анықтап білуге болмайтын ағын. Уақыттық масштаб – мыңжылдықтарға қатысы жағынан нанометриялық сипатта, геологиялық ағындар арқылы өлшенеді: небәрі үш миллиметр болған жарық саусақ тығып, ауырлықты көтере алады, тіпті, сексен килоны үш секунд бойы ұстап тұра алады. Ал жазық жерлер алақанды алмастыруға көмек береді. Альпинистің міндеті – тауды мачо секілді бағындырып қоймай, уақыт ішінде морфогенетикалық фигуралы қалыптастыру».

Трифт «алаңды» оқиғаларды, уақыт пен кеңістікті белсенді түрде жүзеге асыратын құндылық деп қарайды.

5. Бейрепрезентативті теория – эксперименталды болып саналады. «Ешбір соғыста жаңа комбинациялар мен кенеттен туындаған оқиғалар не әрекеттерсіз жеңіске жету мүмкін емес», – деп жазады Латур. Трифт орындаушылық өнерді қоғамдық ғылымдарға қатысты қолданып, не боларын білмек болады. Яғни оқиғаның өзі не айтарын білуді қалайды. Бұл бір түсініксіз қадам секілді көрінері хақ: әлеуметтік ғылымдардың тарихы қатаңдыққа қол жеткізу емес пе? Трифт бұл сұраққа төрт жауап береді. Біріншісі – орындаушылық өнер де қатаң, ондағы барлық үлгілер мен лабораториялардың метафорасы тым тар. Екіншісі – әлемде көптеген объектілер бар, бірақ біз олардың бірнешеуін ғана атай аламыз. Үшіншісі – орындаушылық өнер әлеуметтік ғылымның кез келген мәселені түсіндіре алмайтынын дәлелдейді. Алайда әлеуметтік әлемнің таңғаларлық көріністері басқа реестрде қарастырылуы керек. Газеттер мен журналдарда «таңғажайып әлем», «түсініксіз әлем», «бұл әлем», «күлкілі ескі әлем» т.б. секілді тақырыптарда сөз етілген әлемдер оның теориясы мен тәжірибесі арасында айырмашылық бар екенін көрсетті. Әлеуметтік ғылым жаңарту қасиетіне ие болуы керек: «әлеуметтік ғылым өзекті болуы үшін өзін-өзі жаңарта білуі тиіс». Төртіншісі – әлеуметтік ғылымдар негізделетін түсіндірме тәсілдерінен тыс сезімдер реестрін жақсы түсінуі керек. Бұл жағдайда мәдениет – кездейсоқ туындаған шытырман оқиға сияқты көрінеді. Ойлау – ойшылды қалыптастыратын операция. Трифт осыдан келіп аффект тақырыбын тереңірек қарастыруды ойлайды.

6. Трифт ойлау регистрлерінің толық диапазонына енетінін айтады. Бұлар – таңба мен мағына секілді концептуалды түсініктер. Басқа да авторлар секілді Трифт Спиноза, Фрейд,



Томкинс, Экман, Масуми т.б. феминизм теоретиктерінің еңбектеріне және биологиялық дәстүрлерге сүйене отырып, аффективті бұрылыс туралы сөз етті. Мұнда әрбір құбылыс әрекет етіп, өмір сүріп, өзінің мәнін сақтауға тырысады. Нәтижесінде ешқандай субъект деген жоқ, анонимді күштің аффективті жеке жай-күйі ғана бар деген қорытынды жасалады.

Біз бәріміз саналы ерік-күшіміз бар деп ойлаймыз. Біз бәріміз жер бетінде бармыз деп білеміз. Біздің ақылымыз бар сияқты. Біз өзімізді дәнекерміз деп түсінеміз. Алайда мұның бәрі – көз алдау ғана, былайша айтқанда, иллюзия бос нәрсе.

Оның үстіне саналы ерік-күш үш тәсілге сүйеніп отырады. Ең бастысы – бірлескен әрекеттердің маңызы зор. Содан кейін бірлескен әрекеттер әртүрлі әлеуметтік салаларда жұмыс жасап, шегараны сақтаудан бас тартады.

Осындай ойларын негіздеу үшін Трифт мысал ретінде билеуді алады. Мысал ретінде құрылыс немесе музыканы да алуға болады. Бұлар – адамзатқа бұрынғы дәуірден бері таныс, қоғамда белсенді қолданылып келе жатқан әрекеттер. Алайда Трифт үшін бидің мәні зор: бидің барлық іс-қимылдары уақыт пен кеңістіктегі сезімді білдіреді, қозғалыс белгілі бір ойды көрсетеді. Алдыңғы қатарға ым-ишарат пен кинетикалық семантика шығады. Би бізді эволюциялауға үйретеді.

7. Этика туралы сөз ете отырып, Трифт адамның ерік-күші ұғымына күдікпен қарайды. Классикалық адами субъект – мөлдір, рационалды және үзіліссіз құбылыс болып саналады. Классикалық этикалық сұрақтар: «Мен не істедім?», «Менің не істеуім керек?» ондағы «менге» әлсіз көңіл аударылса, күрделене түседі. «Басқа адам немесе мәдениет үшін ашық, қолжетімді болу» деген секілді қазіргі заманғы этикалық сұрақтар да күрделі мәселеге айналуда. Бүгінде сыпайы болу дегеніміз – норманы сынға алу, туындаған мәселеде өзімізге, мойнымызға жауапкершілікті ала білу.

Трифт үйлесімсіздіктің жалпылама этикасы туралы мәселені қарастырып, оны өмірдің жаңа формаларын құру мүмкіндігі деп біледі. Біздің күнделікті өмірімізде біз қоғамның қысымына дайын бола бермейміз, сондықтан өз қанатымызды өзіміз қырқып тастап, өмір сүріп келеміз.

Трифт туындаған кездейсоқ оқиғалардың ішінен болашаққа керекті күш-жігерді жинау керектігін айтады. Джеймсонның терминінде оны «басқа әлемге секіру» деп аталады.

Философиялық тұрғыдан, этика дегеніміз – бардан бетбұру деп анықталған. Этика нигилизмнің алдын алып, өмір сүру үшін қолайлы жағдайларды анықтау деп түсіндіріледі.

Кеңістік

Трифт кеңістік мәселесін тереңірек қарастыруға тырысады. Ол кеңістікке берілген «инстинктивті» анықтамалар антропология, археология, архитектура, география секілді салаларда жиі қолданылып келе жатқанын айтады. Кеңістік әлеуметтік өзгерістерді (қоғам, тап, жыныс, этникалық тәуелділік т.б.) қолданудың күрделігін ерекше атап көрсетеді. Кеңістік ұғымы эмпирикалық факт ретінде танылады. Кеңістік – бөлшектердің қарапайым жиынтығы ғана емес.

Ойлау стилі дегеніміз – кеңістікті қатынастарға бейімделу. Бұл – өзара біріккен үш қасиеттің бірлігі. Біріншісі – кеңістіктің жаңа сезімдерін тудыратын конфигурациялардың жиынтығы. Кеңістікте орналасқанның әрбірі – бақылаушы – әлемді жаңаша қырынан көрушілер. Кеңістіктер – шексіз, олар әрқилы қабылданады. Екіншісі – кеңістік ойланбай жасалған қадамдар поэтикасын білдіреді. Үшіншісі – кеңістік тіршілік етуге лайықты географиялық картаның жаңа дәуірлерін көрсетеді. Осы үшеуі бірігіп, кеңістікті мүлдем басқаша қырынан тануға мүмкіндік береді.

Кеңістікті зерттей отырып, Трифт жақындық біртіндеп тарылып отырады. Әдебиеттегі сондай маңызды сәттердің бірі – жақындыққа талпынудың ішкі құндылығының болуы. Философиялық дәстүрде жақындық туралы айтылған терминдерді қарап өтелік: жанында болу, өмірдің қалыпты жағдайы. Адамның денесіне жақындау – әлемнің негізгі геометриясы. Алайда бұл жағдайда биологиялық дене алдын ала бағдарланған орталық ретінде қарастырып отырмыз.

Трифт жақындық немесе қоршаған орта арасындағы айырмашылыққа назар аударады. Кеңістік дегеніміз – тірі, жанды құбылыс: ананың құрсағы, үстел үстіндегі кофе шыныларының



орналасуы, ғимараттар мен ландшафтар туралы естеліктер, ірі саяси және коммерциялық империялар, кемелердің жүзу тәртібі, миллиондаған нүктелері бар радиоспектрлер, өмірдің әртүрлі өлшемдері. Бұл құндылықтарды «масштабпен» өлшеуге болмайды. Масштабтардың көпшілігі өзара байланысты.

Жоғарыда айтылғандар трансадами тәсілдер қатарына жатады. Олар субъектінің көзқарасына қарай өзгеріп отырады. Субъектілер кеңістіктердің санын да көбейтіп жіберді. Мұндай онто-этологиялық тәсіл акторлардың кеңістіктердің түрлерінен құралатынын, тек белгілі бір кеңістікке қатысты екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, әлем болмыстардан тұрады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Найджел Трифттің анықтауында тәжірибе дегеніміз не?
2. Найджел Трифттің кеңістікті қабылдауының қандай ерекшеліктері бар, және кеңістік үшін қандай сипаттамаларды негізгі деп атауға болады?
3. Н. Трифттің бейрепрезентативті теориясы этикалық мәселелермен қалай байланысады?

Әдебиеттер:

1. Wolin, S. Political theory: from vocation to invocation// Frank J.A., Tamborino J. Vocations of Political Theory. – Minneapolis: University of Minnesota Press, 2000.
2. Ginsborg P. The Politics of Everyday Life: Making Choices, Changing Lives. – New Haven, CT: Yale University Press, 2005.
3. Gumbrecht H.U. Production of Presence: What Meaning Cannot Convey. – Stanford, CA: Stanford University Press, 2004.
4. Alliez E. The Signature of the World: What is Deleuze and Guattari's Philosophy. – London: Continuum, 2004.
5. Pred R. On flow: Dynamics of Consciousness of Experience. – Cambridge, MA: MIT Press, 2005.
6. Vendler H. The Breaking of Style. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1995.
7. Schatzki T.R. The Site of the Social: A Philosophical Account of the Constitution of Social Life and Change. – University Park: Pennsylvania State University Press, 2002.
8. Harman G. Tool-Being: Heidegger and the Metaphysics of Objects. – Chicago: Open Court, 2002.
9. Mackenzie A. Transductions. Bodies and Machines at Speed. – London: Continuum, 2002.
10. Kwinter S. Architectures of Time: Toward a Theory of the Event in Modernist Culture. – Cambridge, MA: MIT Press, 2001.
11. Latour B. Reassembling the Social: An Introduction to Actor-Network Theory. – Oxford: Oxford University Press, 2005
12. Vesely D. Architecture in an Age of Divided Representation. – Cambridge, MA: MIT Press, 2004
13. Strathern M. Property, Substance, and Effect. – London: Athlone Press, 1999.
14. Tarde G. Social Laws: An Outline of Sociology. – Kitchener: Batoche Books, 2000.